

ӘОЖ: 338.48

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Нурланқызы Аружан

Aruzhan.nurlankyzy20@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 5В090200 туризм
мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі-Р. Шоқан

Маңғыстау облысы өзінің бірегей табиғи-географиялық орналасуына, көптеген киелі орындар мен тарихи-мәдени ескерткіштердің болуына байланысты туризм саласында үлкен әлеуетке ие. Маңғыстау облысының 43 тарихи-мәдени объектісі Қазақстанның киелі

жерлерінің географиясы республикалық картасына енгізілген, оның ішінде 15 — і Республикалық маңызы бар және 28 — і өңірлік маңызы бар объектілер.

Маңғыстау облысында туризмді дамыту-өңірдің перспективалы бағыттарының бірі. Бүгінгі күні Маңғыстау облысында туризмді дамыту мақсатында Каспий теңізінің жағалауындағы жағажай туризмі; этникалық, мәдени және экологиялық туризм; Бекет-ата мен Шопан-ата киелі жерлеріне қажылық сияқты негізгі туризм түрлеріне басымдық беріліп отыр.

Аймақтың географиялық ерекшеліктері мен табиғаты, бай тарихи мұрасы және ұзақ жағажай маусымы, сондай-ақ негізгі туристік ағындары бар елдерге жақын болу туризмнің оңтайлы дамуына ықпал етеді.

Маңғыстаудың артықшылығы-маңызды байланыстырушы буын бола отырып, ТРАСЕКА және Солтүстік – Оңтүстік көлік дәліздерінің қиылысында тұрған тиімді географиялық жағдайы, өйткені Маңғыстау 5 елмен, батысында – Ресей Федерациясымен, Әзірбайжанмен және Иранмен теңіз бойынша, оңтүстігінде – Түрікменстанмен және шығысында-Өзбекстанмен шектеседі. Облыстың ішкі шекараларының ұзындығы 319 км, сыртқы шекаралары – 1173 км, оның ішінде теңіз бойынша – 810 км құрайды.

Бүгінгі таңда Маңғыстау облысында туризмді дамыту мақсатында өңірдің мүмкіндіктерін қарастыратын болсақ. [1]

Біріншіден, бұл Каспий теңізінің жағалауы бойындағы Ақтау қаласынан Құрық паром кешеніне дейінгі жағажай туризмі. Аумақтың ұзындығы 63 км. бұл аумақ даму үшін ыңғайлы, себебі тікелей қолжетімділікте барлық қажетті инженерлік инфрақұрылым, Ақтау қаласының демалыс инфрақұрылымының дамуы, медициналық мекемелер және кез келген үлгідегі әуе кемелерін қабылдауға қабілетті халықаралық әуежай бар.

Екіншіден, бұл этникалық, мәдени және экологиялық туризмді дамытуға қолайлы туристік ресурстар шоғырланған. Бұл сегментте Маңғыстау облысы мемлекеттің қорғауындағы 362 киелі орынға және 13000 тарихи ескерткішке ие бола отырып, жоғары туристік әлеуетке ие. Осы фактіні ескере отырып, ашық аспан астындағы музейді халықаралық аренада таныту мақсатында 2017 жылы ЮНЕСКО штаб-пәтеріне "Маңғыстау Геопаркі" табиғи объектісін құру және оны ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктер тізбесіне енгізу жөнінде ұсыныс берілген.[1]

Үшіншіден, бұл Бекет-ата мен Шопан-ата қасиетті жерлеріне қажылық. Бұл бағыт қажылар санының жылдан жылға өсуін көрсетеді. Діни туризмнің дамуы қарқыны, қасиетті жерлерге жол-көлік инфрақұрылымын жақсартумен тікелей байланысты.

Өңір шетелдік туристер үшін де, отандық туристер үшін де бірқатар тартымды ерекшеліктерге ие.Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Назарбаевтың 2018 жылғы тамыздағы "Ақтау қазіргі заманғы теңіз курортына айналуы тиіс" тапсырмасынан кейін туризмді дамытуға үлкен көңіл бөлінеді және өңірдің инженерлік-көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының соңғы үш жылдағы (1-кесте) кіру туризм бойынша (резидент емес) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер көрсеткіштерін талдайтын болсақ, Маңғыстау облысына 2019 жылы резидент емес келушілердің саны 18218 адам келсе, 2020 жылы карантиндік шектеулерге байланысты келушілер саны 2 есеге азайған яғни 8356 адам туризм мақсатында өңірге сапар шеккен. Бірақ, 2021 жылы резидент емес келушілер саны көбейген.

Ал, ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер 2019 жылы 157512 адамды құраған. 2020 жылы 3,4 %-ға азайған,яғни 152148 адам саяхаттаған. 2021 жылы келушілер саны 2020 жылғы сандық көрсеткіштерге қарағанда 70,3 %-ға көбейген яғни 216583 адамды құраған.

Талдауға алынған жылдар ішінде туристердің Маңғыстау облысына қызығушылығы артып, туристік қызметтерге сұраныстары жоғарлаған. Бұл өлкенің туристік потенциалының жоғары екенін және туристік инфрақұрылымының жақсарғанын көрсетеді.

1-кесте

Кіру және шығу туризмі бойынша келушілердің саны

Кіру туризм бойынша (резидент еместер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер				
Маңғыстау	жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
		адам	18218	8356
Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер				
Маңғыстау	жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
		адам	157512	152148

Ескерту: Автор [3] әдебиет көзі негізінде құрастырды.

Маңғыстау облысы ерекше қорғалатын курорттық аймақтың тізіміне кіретін болғандықтан, өңірдегі туристік ресурстарды және туристік дестинацияларды қолдану жағдайларында оң үрдістер байқалады.

2-кесте

Маңғыстау облысы бойынша қызмет көрсетілген туристер саны, адам

	2016	2017	2018	2019	2020
Барлық келушілер, оның ішінде	193438	207378	241009	223884	160962
Орналастыру орындарында тоқтағандар	192081	205904	240798	222539	160504
Санаториялық-курорттық ұйымдарда демалғандар	1326	1364	1006	1085	186
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға барғандар	31	110	205	260	272

Ескерту: Автор [3] әдебиет көзі негізінде құрастырды.

Маңғыстау облысы және Кендірлі курорттық аймағына келуші туристердің саны 2016 жылы 193438 адамды құраған. 2017 жылы бұл жалпы көрсеткіш 6,7%-ға өскен, яғни 207378 келуші келген. 2018 жылы 2017 жылға қарағанда 14%-ға өскен. Өңірде 2016-2018 жыл аралығында келушілердің өсімін (20%-ға) байқауға болады. Бірақ 2019 және 2020 жылдарда келушілер көрсеткіші төмендеген. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 7%-ға төмендесе, 2020 жылы 28%-ға төмендеді. Соңғы екі жылда жалпы 5 жылда максималды көрсеткіш көрсеткен 2018 жылға қарағанда 33 % -ға төмен көрсеткіш көрсеткен.

Соңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарасақ, келушілердің көпшілігі орналастыру орындарында тоқтаған. 2016 жылы 192081 адам, 2017 жылы 205904 адам, 2018 жылы 2240798 адам, 2019 жылы 222539 адам, 2020 жылы 160962 адам тоқтаған. Бұл жалпы келушілердің 99%-ын құрайды.

Өңірдегі санаториялық-курорттық ұйымдарына келушілердің сандық көрсеткіштеріне қарасақ, келушілер мен жергілікті халық арасында танымал емес. Жылдан жылға көрсеткіш азайып, 5 жылда 86% -ға төмендеген.

Ал, ерекше қорғалатық табиғи аумақтарға барғандар саны жалпы келушілер санының аз пайызын құрағанымен, 5 жыл ішінде үлкен өсім, оң үрдістер байқалады.

Өңірде туристік нарықты дамыту мақсатында, ҚР Үкіметінің қолдауымен Ақтау қаласының "жылы жағажай" ауданының инженерлік инфрақұрылымын жетілдіру бойынша жұмыстардың 1-кезеңі аяқталды (құрылыстың жалпы сомасы 17 млрд теңге, 31 км - жол, 10,5 км - электр энергиясы, 58 км - газ, 56 км - су құбыры желілері). 2020 жылы орналастыру орындарының (қонақ үйлердің) мәліметтері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны 178 мың адамды құрайды, 93 орналастыру орны тіркелген, туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 71,8 млрд теңгені, орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі 3,3 млрд теңгені құрады [3]. 2020 жылдың қорытындысы бойынша облыстың негізгі капиталына инвестициялар 2,9% - ға өсті Маңғыстау облысы инвестициялар тарту бойынша көшбасшы болып табылады. 2020 жылы инвестиция көлемі 576,4 млрд теңгені құрады, 2019 жылмен салыстырғанда өсім 2,9% - ды құрады. 2020 жылы облыста 926 жаңа жұмыс орнын құрумен 99,2 млрд теңгеге 11 инвестициялық жоба іске асырылды. Бұл жылы жағажай аумағындағы "Aktau Tourism City Ltd" Туристік-қонақ үй кешені сияқты ірі жобалар іске қосылды. 2020 жылдың шілдесінде "Aktau Tourism City Ltd" компаниясы жобасының 1-ші кезеңі іске қосылды. "Rixos Water World Aktau" көпфункционалды туристік-қонақ үй кешені қолданысқа берілді. Инвестиция көлемі - 68 млрд теңге. 2020 жылдың қорытындысы бойынша қонақ үйге 78518 мың адам, 2021 жылдың 23 қаңтарына — 4 701 адам келді, 600-ден астам адам жұмысқа орналастырылды, ШОБ субъектілерімен 140-тан астам келісімшарт жасалды. Бұдан басқа, 2020 жылғы тамызда Holiday Inn Aktau аквапаркі мен бассейнін салу жобасы іске қосылды (жобаның құны 1,6 млрд теңгені құрады, 50 жаңа жұмыс орны құрылды). Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Үкіметінің қолдауымен курорттық аймақты дамытудың инженерлік-көліктік инфрақұрылымының 2 кезеңін дамыту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. 2020 жылғы қарашада курорттық аймақты дамытудың 2-кезеңі басталды, оның шеңберінде екі жыл ішінде Тетис Интернэшнл Хаб LTD (тақырыптық парк, гольф-клуб, сауда орталығы, қонақ үйлер), VI group (виллалар мен апартаменттер кешенінің құрылысы) ірі жобаларын іске асыру көзделеді. және "Bazis-A" корпорациясы (Aqualina Resort курорттық-қонақ үй кешенінің құрылысы). Қазіргі уақытта инвесторлармен жобалау-іздістіру жұмыстары жалғасуда, құрылыс кезінде энергия ресурстарының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін техникалық шарттар алынды. Жалпы, өңірдегі туризм саласы бойынша 2021-2024 жылдар аралығында жалпы сомасы 490 млрд теңгеден асатын, 2500 мыңнан астам жұмыс орнын ашатын бірқатар жобаны іске асыру жоспарланған. Олар:

1. Кешен құрылысы (тақырыптық парк, гольф-клуб, сауда орталығы, қонақ үйлер), Tethys International HUB LTD (1-кезең - 202,8 млрд теңге, 2-кезең – 113,9 млрд теңге, 1800 жұмыс орны, 2021 жылғы 3-тоқсанда 1-кезең, 2022 жылы 2-кезең).

2. Қарақия ауданында "Safari Hotel" қонақ үй кешенімен "Визит-орталық" салу "TETHYS INTERNATIONAL HUB LTD" жеке компаниясы (жобаның құны 38,6 млрд теңге, 200 жұмыс орны, 2021 жылдың 4 тоқсанында іске қосу).

3. Виллалар мен апартаменттер кешенінің құрылысы, VI Group (жобаның құны – 47 млрд теңге, 80 жаңа жұмыс орны, пайдалануға беру – маусым 2021 ж.);

4. "VI Property" компаниясы "Double Tree by Hilton" 4* қонақ үй кешенінің құрылысы (жобаның құны - 22 млрд теңге, 110 жаңа жұмыс орны, пайдалануға беру-2022 ж.);

5. Aqualina Resort курорттық-қонақ үй кешенінің құрылысы, "Bazis-A" корпорациясы (жобаның құны 28 млрд теңге, 80 жұмыс орны, 2021 жылдың 3 тоқсанында 1 кезеңді іске қосу, 2022 жылы 2 кезеңді іске қосу).

6. Түпқараған ауданында "Сартас" визит-орталығының, "Нефтемаш "КЗ" ЖШС құрылысы (жобаның құны - 248 млн теңге, 40 жұмыс орны, 2-тоқсан).

7. "Фламинго Резорт" демалыс базасы. "Фламинго" ЖШС (жобаның құны - 12,9 млрд теңге, жұмыс орындары – 290, іске асыру кезеңі 2020-2022 жылдар).

8. "Нұр" сауықтыру кешені. "СКР-Снаб"ЖШС. (Құны-9,5 млрд теңге, жұмыс орындары-240, іске асыру кезеңі 2019-2021 жылдар).

9. "Assyl Aktau" Қонақ Үйі. "Assyl Aktau"ЖШС. (Жоба құны-6 млрд теңге, жұмыс орны-130. Іске асыру мерзімі — 2020-2022 жылдар).

10. "Seaside Palace" демалыс аймағы. "Каспиан Инвест Групп" ЖШС (құны 2,1 млрд теңге. Жұмыс орны — 90. іске асыру мерзімі — 2020-2022 жылдар) [2].

Қаракия, Маңғыстау және Түпқараған аудандарының туристік объектілеріне апаратын сервистік нүктелерде 12 санитарлық-гигиеналық тораптар орнатылған. Бірегей бренд-бук, логотип әзірленді, сайт іске қосылды "visitmangystau.kz", қалалық автобустар мен аялдамалар бірдей стильде безендірілген. Маңғыстау облысы мен Ақтау қаласының туристері үшін жолсілтеме, карта жасалды.

Маңғыстау облысында туризм саласын дамыту мақсатында істеліп жатқан іс-шаралардың қатары, болашақта аталмыш саланың даму қарқыны жоғары болатындығын көрсетіп отыр. Себебі, өңірде туризм сферасын ұйымдастыру мақсатында қолданылатын туристік ресурстардың жетекілікті шегі бар деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Электронды ресурс: <https://visitmangystau.kz/ru>
2. Маңғыстау облысының 2020 жылғы даму қорытындылары// primeminister.kz/ru/news/reviews/uvelichenie-investiciy-razvitie-turizma-i-reshenie-zhilishchnyh-voprosov-itogi-razvitiya-mangistauskoj-oblasti-v-2020-godu-300186, [Электрондық ресурс].
3. Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде / 65 бет 2016-2020 жж.[Электрондық ресурс] //: <https://stat.gov.kz/>
4. Маңғыстау облысының тарихи-мәдени орындарының интерактивті картасы[Электрондық ресурс] //: <https://mangystau.inmap.kz/ru/>